

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Неврология, психиатрия және психология кафедрасы ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ		044/56-15 11 беттің 1 беті

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ
жанындағы медицина колледжі**


«Бекітемін»
Медициналық колледжінің директоры
М.А. Отыншиев
 «31» 08 2018ж.

ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Пәннің аталуы: «Психиатрия»
Курс: IV
Мамандығы: 0301000- «Емдеу ісі»
Бліктілігі: 0301013- «Фельдшер»
Сағат саны: 36 сағат
Теория: 12 сағат
Тәжірибе: 24 сағат

Шымкент 2018ж.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Неврология, психиатрия және психология кафедрасы ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ		044/56-15 11 беттің 2 беті

Жұмыс оқу бағдарламасы ҚРЖМББС мен үлгілік кәсіптік оқу бағдарламасына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР ДСЖӘД министрлігінің 29.07.2016ж. № 661 бұйрығына сәйкес және ҚР ДС министрінің 5. 08. 2010ж. № 604 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасы негізінде құрастырылды.

Кафедра мәжілісінде қаралды
 Хаттама №1«12» 08 2018 ж.

Кафедра меңгерушісі, м.ғ.к. профессор м.а., Н.А. Жаркинбекова

«ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің
 әдістемелік кеңес мәжіліс бекітілді.
 Хаттама №1«31» 08 2018ж.

Әдістемелік кеңес төрайымы Н.Р. Джуманкулова

Дайындаған оқытушы Х.А. Сайтмуратов

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Неврология, психиатрия және психология кафедрасы ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ	044/56-15 11 беттің 3 беті

Мазмұны

1. Түсіндірме жазба
2. Пәнді оқытудың жоспарлы нәтижелері
3. Пәннің мазмұны және тақырыптық жоспары
4. Білім беру үрдісін ұйымдастыру және жүзеге асыруға қойылатын талаптар
5. Жоспарланған білім беру нәтижесін бақылау
6. Ұсынылған әдебиеттер және оқыту құралдары

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Неврология, психиатрия және психология кафедрасы ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ		044/56-15 11 беттің 4 беті

1. Түсіндірме жазба

Жұмыс оқу бағдарламасы ҚРЖМББС мен үлгілік кәсіптік оқу бағдарламасына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР ДСЖӘД министрлігінің 29.07.2016ж. № 661 бұйрығына сәйкес және ҚР ДС министрінің 5. 08. 2010ж. № 604 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасы негізінде құрастырылды.

№ 661 бұйрығына сәйкес бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес 0301000 - «Емдеу ісі» мамандығы бойынша, 0301013 Фельдшер» біліктілігіне әзірленді.

Емдеу ісі мамандығына «Психиатрия» пәні бойынша оқыту болашақ мамандардың кәсіби біліктілігін қалыптастырудың ажырамас бір бөлігі болып табылады. Пәнді оқытуға 24 сағат көлемінде практикалық сабақ қарастырылған. Пәнді оқыту болашақ маманның күзиреттілігінің бір бөлігі болып саналады. Осы жұмыс оқу бағдарламасы келесі пәндермен интеграцияны қарастырады: латын тілі, қалыпты анатомия, қалыпты физиология, патологиялық анатомия, патологиялық физиология, психология негіздері және қатынас дағдылары, неврологиядағы мейіргерлік іс, фармакология негіздері, мейіргерлік іс негіздері, терапиядағы мейіргерлік іс, эпидемиология және жұқпалы ауруларындағы мейіргерлік іс, медициналық психология.

Медициналық колледждерде «Психиатриядағы мейіргерлік іс» пәнін оқыту медицина саласының жеке бөлігі деп түсіну негізді емес, ол кез-келген саладағы орта буынды маманның кәсіптік қызметіне тікелей қатысты.

«Психиатрия» пәнін оқытудың маңыздылығы медициналық практикада психикалық бұзылыстардың көп таралуына байланысты болып отыр. Емдеу ісі негізгі психикалық және психопатиялық синдромдарды анықтай алуы тиіс, шұғыл жағдайларда көмек көрсетіп, науқасты емдеу тәсілін анықтап, арнайы емдеу мекемелеріне тасымалдауды, науқастармен және олардың тумаларымен, ұжымдастарымен қарым-қатынасты орната білуі қажет. Оқыту үрдісінде деонтология мен медициналық этика дағдыларын қалыптастыруға басты назар аудару керек.

Студентте базалық және кәсіптік құзыреттіліктерді қалыптастыруға негізделген модульдік оқыту құрылымы енгізілді. Практикалық сабақтарда топты топшаларға бөліп өткізу қарастырылады. Білім алушылардың психиатриялық науқастарға күтім жасау барысында дағды мен біліктілікті игеруге, психиатриялық жағдайларды қарап тексеру әдістерін меңгеруге, тексеру техникасын, алғашқы көмек көрсетуді үйренуге осы жұмыс оқу бағдарламасында ұсынылған практикалық сабақтарды емдеу мекемелерінде өткізу қарастырылған. Оқыту барысында қазіргі таңдағы оқу-әдістемелік әдебиеттерді, жаңа оқу және анықтамалық құралдарды, электронды оқулықтарды, мультимедиялық оқыту бағдарламаларын пайдалану ұсынылады. Пән аяқталған соң саралы сынақ тест түрінде тапсырылады.

Пәннің мақсаты: «Психиатрия» пәнін оқытудың маңыздылығы медициналық практикада психикалық бұзылыстардың көп таралуына байланысты болып отыр. Акушер негізі психикалық және психопатологиялық синдромдарды анықтай алу тиіс, шұғыл жағдайларда көмек көрсете алуы және науқасты емдеу тәсілін анықтай алуы қажет, арнайы емдеу мекемелеріне тасымалдауды жүзеге асыра білуі керек. Оқыту үрдісінде деонтология мен медициналық этика дағдыларын қалыптастыруға басты назар аудару керек.

Пәннің міндеттері:

- психикалық ауруларды анықтауды қамтамасыз ететін білім мен дағдыларды қалыптастыру;

- психикалық бұзылыстарды емдеудің негізгі үрдістерімен танысу;

OÑTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Неврология, психиатрия және психология кафедрасы ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ		044/56-15 11 бетің 5 беті

- емдеу - алдын алу шараларын кәсіптік тұрғыда орындау;
- науқастарға тиімді бақылау мен күтім жасауды ұйымдастыру;
- медициналық құжаттамаларды толтыруға қойылатын талаптар.

Студент білу керек:

- психиатриялық диспансерде жұмыс істеу ерекшеліктерін білуі;
- қазіргі кезеңдегі психикалық бұзылыстары бар науқастарды тексеруің негізгі әдістерін білуі;

аурулардың

- психикалық бұзылыстардың негізгі жіктелуін, жиі кездесетін психикалық аурулардың
- клиникалық белгілерін білуде;
- психиатриялық аурулардың пайда болу себептерін;
- шизофренияға саралау диагнозын жүргізе алу керек;
- эпилепсиялық ұстаманың ал-ғашқы белгілерін білуі тиіс

Студент дағдыларды игеруі керек:

- дәрігерге дейінгі психиатриялық көмек корсетуді;
- психотерапиялық қарым-қатынасты дұрыс орнату дағдыларын білуі;
- науқасты зертханалық, функционалдық, аспаптық зерттеу әдістеріне дайындай білуде;
- психикалық бұзылыстар кезіндегі құжаттамалардың барлық түрлерін (сырхатнама, стационарға жолдамалар) рәсімдей алуға;
- фельдшердің кәсіптік құзырлығына сәйкес реанимациялық, емдеу-сауықтыру, санитария гигиеналық шараларды жүргізе білуде құзырлы болуы қажет.

2. Пәнді оқытудың жоспарланған нәтижелері

Білім бағдарламасында және стандартта оқытудың жоспарланған нәтижелері.	Үлгілік оқу бағдарламасында жоспарланған нәтижелер
<p style="text-align: center;">Білім алушылар:</p> <p>Базалық құзыреттер:</p> <p>БК 1.Оқыту</p> <p>БҚ 1.1.Өз-өзін дамыту: ұзақ уақыт оқу , кәсіптік деңгейінің өсу жоспарын меңгеру</p> <p>БҚ 1.2. Ақпарат: ақпаратты жинап, сараптап, тәжірибеде қолдану</p> <p>БҚ 1.3. Компьютерлік технологиялар: ақпараттық компьютерлік технологияларды жұмыста және өз-өзін жетілдіруде қолдану</p> <p>БҚ 2. Коммуникациялар және топта жұмыс істеу</p> <p>БҚ 2.1. Коммуникативті дағдылар: әр түрлі адамдармен ахуалға байланысты нәтижелі коммуникацияны көрсету</p> <p>БҚ 2.2. Топта жұмыс істеу: әр түрлі топта жұмыс істегенде жауапкершілікті көрсетеді.</p> <p>Кәсіптік құзыреттіліктер</p> <p>КҚ 1.Денсаулықты нығайту</p>	<p>Пәнді оқып білудің нәтижесінде білім алушылар:</p> <p>-психиатриялық аурулардың пайда болу себептерін түсіндіру;</p> <p>- психикалық статусты зерттеу әдістерін анықтау;</p> <p>- шизофренияның түрлерін және ағымын түсіндіру;</p> <p>- шизофренияның клиникалық белгілерін суреттеу,</p> <p>- интеллектуалды даму дәрежесі бойынша ақыл-есінің кемістігінің бөлінуін есте сақтау;</p> <p>-инволюциялық психоздарда психиканың өзгерістерін анықтай білу;</p> <p>- заңды түрде наркотикалық заттарға жататын</p>



КҚ 1.1. Салауатты өмір салты: жеке адамдарда, жанұяда және халық арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруды іске асыру

КҚ 1.2. Бақылау: әр түрлі қауіпті топтағы науқастар мен адамдарды нәтижелі бақылауды іске асыру

КҚ 1.3. Кеңес беру: науқастардың және олардың жанұясының денсаулықтарын сақтау және нығайту сұрақтары бойынша кеңес беру дағдыларын меңгеру

КҚ 2. Қауіпсіздік және сапа

КҚ 2.1. Зиянды факторлардан сақтау: адамдардын және қоршаған ортаның қауіпсіздігіне зиянды факторлар әсерінен қорғау әдістерін пайдаланады.

2.2 Стандарттар: қауіпсіздікті сақтау және сапалы медициналық қызмет көрсету стандартына сәйкес емшараларды орындау
2.3 Стандарттар: медициналық қызметтер сапасын және Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін стандарттарға сәйкес емшараларды орындайды

КҚ 3. Клиникалық құзыреттілік

КҚ 3.1. Медициналық көмек көрсету процесін басқару:

- отбасы және қоршаған ортаның қатысуымен тұлғаға бағытталған тәсілді қолдана отырып, пациентке күтім жасайды, диагностикалайды және емдейді:

- емдеу және түрлі пациент санатына шұғыл медициналық көмек көрсету принциптерін таңдай алады.

- етүзетін емшаралардың тиімділігін бағалайды.

ауруларда және күрделі жағдайларда қарқынды терапияның және реанимацияның қазіргі әдістерін қолданады.

КҚ 3.2 Оңалту: элективті оңалту негізінде пациенттің функциялық қабілетін жақсартады

КҚ 3.3 Дәлелдемелі практика: кәсіптік қызметте дәлелдемелі медицина

дәрілік немесе дәрілік емес препаратты қолдану әсерінен психикалық бұзылыстардың пайда болатыны туралы түсіндіру;

- психикалық және физикалық тәуелділікті және толеранттылықты анықтау;

- шизофренияға саралау диагнозын жүргізу ;

- аффективті бұзылыстар жағдайында науқастарға күтім жасай алу іске асыру;

- ақыл-есінің кемістігімен сырқаттанатын науқастарға оңалту шараларын жүргізу;

- дәрігерге дейінгі психиатриялық көмек көрсету;

- емдеу жоспарын құрастыру;

- алкогольизм және алкогольдік психозға, наркоманияға, токсикоманияға диагностика жүргізу;

- психиатриялық науқастарға бақылау жүргізуді іске асыру;

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Неврология, психиатрия және психология кафедрасы ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ		044/56-15 11 беттің 7 беті

практикасын қолданады	
-----------------------	--

Пререквизиттер: латын тілі, қалыпты анатомия, қалыпты физиология, патологиялық анатомия, патологиялық физиология, психология негіздері және қатынас дағдылары, неврологиядағы мейіргерлік іс, фармакология негіздері, мейіргерлік іс негіздері, терапиядағы мейіргерлік іс, эпидемиология және жұқпалы ауруларындағы мейіргерлік іс, медициналық психология.

3 «Психиатрия» пәнінің тақырыптық жоспары мен мазмұны

3.1 Пәннің тақырыптық жоспары

№	Тақырыптардың атауы	саны саны	оның ішінде	
			теориялық сабақ	тәжірибелік сабақ
1	Негізгі психопатологиялық симптомдардың клиникалық белгілері.	6	2	4
2	Жұқпалы және соматикалық аурулардағы психикалық бұзылыстар (симптоматикалық психоздар).	6	2	4
3	Егде және кәрілік жастағы психикалық аурулар. Психикаға белсенді әсер ететін заттарды қолданудан пайда болатын психикалық бұзылыстар мен мінез-құлықтың бұзылуы (алкоголизм, наркомания, токсикомания).	6	2	4
4	Эпилепсия. Шизофрения. Маниакалды депрессивті психоз.	6	2	4
5	Олигофрения. Невроздар мен реактивті психоздар.	6	2	4
6	Психиатриядағы шұғыл жағдайлар	6	2	4
	Барлығы:	36	12	24

3.2 Пәннің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны

1 тақырып Кіріспе. Негізгі психопатологиялық симптомдардың клиникалық белгілері

Тұрғындарға психиатриялық және наркологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру

Психиатрия пәнін оқыту. Психиатриялық көмек көрсетуді ұйымдастыру. Психиатриялық этиканың негізгі міндеттері. Психиатриялық куәландыруды, диспанерлік бақылау жүргізуді және психиатриялық стационарға жатқызуды негіздеу. Психикалық

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Неврология, психиатрия және психология кафедрасы ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ		044/56-15 11 беттің 8 беті

науқасты үйінде бақылау. Реабилитациялық шаралар. Психикалық сараптаманың түрлері. Медициналық құжаттамаларды жүргізу.

Психиатриядағы симптомдар мен синдромдар туралы түсінік. Органикалық және функционалдық психикалық бұзылыстар. Сезімталдылықтың бұзылуы, есте сақтаудың, ойлаудың, сананың, зейіннің, интеллектінің бұзылуы. Психиатрияда қолданатын клиникалық және параклиникалық зерттеу әдістері. Психикалық бұзылыстары бар науқастарды демонстрация-лау. Шағымын, ауру анамнезін, өмірбаянын жинау, негізгі психопатологиялық симптомдарды анықтау. Сырқатнаманы талдау. Параклиникалық зерттеуге даярлау және оны жүргізуге қатысу. Зерттеу нәтижелерін интерпретациялау. Науқасқа тиімді күтім жасау мен бақылауды жүзеге асыру. Медициналық этика мен деонтология үрдістерін сақтау.

2 тақырып Жүкпалы және соматикалық аурулардағы психикалық бұзылыстар (симптоматикалық психоздар) .Бөгде және кәрілік жастағы психикалық аурулар

Психика қызметі бұзылыстарына әкеліп соқтыратын жүкпалы және соматикалық аурулар. Симптоматикалық психоздар. Астениялық синдром, өршімелі сал ауруы, қантамырлық психоздар. Клиникалық белгілері, ағымының ерекшеліктері, емдеу принциптері, аурудың алдын алу. Науқасқа күтім жасау ерекшеліктері. Симптоматикалық психозбен сырқаттанатын науқастарды демонстрациялау. Шағымын, ауру анамнезін, өмірбаянын жинау, психикалық бұзылыстарды анықтау. Шұғыл жағдайда дәрігерге дейінгі көмек көрсету шаралары. Сырқатнаманы талдау, жүкпалы және соматикалық аурулар кезіндегі психикалық бұзылыстарды емдеудің негізгі принциптері. Қосымша зерттеулерге даярлау және оны жүргізуге қатысу. Нәтижелерін интерпретациялау. Науқасқа тиімді күтім жасау мен бақылауды жүзеге асыру. Медициналық этика мен деонтология принциптерін сақтау. Геронтологиялық психиатрия. Еңке және кәрілік жаста туындайтын психикалық бұзылыстардың ерекшеліктері: психоздар, кәрілік деменция, Алыгтеймер ауруы. Аурудың клиникалық белгілері, психоорганикалық синдром туралы түсінік. Зерттеу әдістері, науқасқа тиімді күтім жасау мен бақылау жүргізу ерекшеліктері.

Психикалық бұзылыстары бар және кәрілік жастағы науқастарға курация жасау. Шағымын, ауру анамнездерін, өмірбаянын жинау, психикалық бұзылыстарын анықтау. Сырқатнаманы талдау, кәрілік жастағы науқасты емдеу ерекшеліктері. ЭЭГ, РЭГ, ЭХОЭГ, қантамыр доплерографиясы, компьютерлік томография жасауға науқасты дайындау және оны жүргізуге қатысу. Науқасқа тиімді күтім жасау мен бақылау жасауды жүзеге асыру. Медициналық этика мен деонтология принциптерін сақтау.

3 тақырып Психикаға белсенді әсер ететін заттарды қолданудан пайда болатын психикалық бұзылыстар және мінез-құлқының бұзылуы (алкоголизм, наркомания, токсикомания)

Алкоголь, наркотикалық заттар мен никотинді қолданудан пайда болатын психикалық бұзылыстардың маңыздылығы. Алкогольдік психоздар, клиникалық белгілері, емдеу, сауықтыру әдістері. Наркомания мен токсикоманияның белгілері. Абстиненттік синдромды тоқтату. Наркоманиямен және токсикоманиямен сырқаттанатын науқастарды бақылау және күтім жасау ерекшеліктері. Психикалық бұзылыстардың алдын алудағы орта буынды медицина қызметкерлерінің рөлі.

Практикалық сабақ: Психоздық бұзылыстары бар науқасты демонстрация-лау. Шағымын, ауру анамнезін, өмірбаянын жинау, психопатологиялық белгілерін анықтау. Сырқатнаманы талдау, психоздық ауруларды емдеу ерекшеліктері. ЭЭГ, РЭГ, ЭХОЭГ, қантамыр доплерографиясы, компьютерлік томография жасауға науқасты әзірлеу және оны жүргізуге қатысу. Науқасқа тиімді күтім жасау және бақылау жасау ерекшеліктері. Медициналық этика мен деонтология принциптерін сақтау.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Неврология, психиатрия және психология кафедрасы ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ	044/56-15 11 бетің 9 беті

4тақырып Эпилепсия .Шизофрения. Маниакальды -депрессивті психоз. Олигофрения.

Эпипатогенезі, бейімдеуші факторлар. Клиникалық белгілері: үлкен және кіші эпилепсия ұстамасы, эпилепсиялық психоздар, жеке бастың өзгерістері, пароксизм-дер. Емдеудің негізгі принциптері. Шұғыл жағдайларда дәрігерге дейінгі көмек көрсету. Науқасқа күтім жасау ерекшеліктері. Науқаспен сұхбаттасудағы этика-деонтологиялық принциптерді сақтау.

Эпилепсиямен сырқаттанатын науқасты демонстрациялау. Шағымын, ауру анамнезін, өмірбаянын жинау, психопатологиялық белгілерін анықтау. Эпилепсия тектес синдромдар, оларда болатын сiңiр тартылуға клиникалық сипаттама беру. Эпилептикалық ұстама кезінде керсетілетін дәрігерге дейінгі көмек шаралары. Сырқатнаманы талдау, эпилепсияны емдеудің негізгі принциптері. ЭЭГ, РЭГ, ЭХОЭГ, қантамыр доплерографиясы, компьютерлік томография жасау және өткізуге қатысу. Зерттеу нәтижелерін интерпретациялау. Науқасқа тиімді күтім жасау мен бақылауды жүзеге асыру. Медициналық этика мен деонтология принциптерін сақтау.

Шизофренияның негізгі клиникалық түрлері, ауру ағымының ерекшеліктері. Ба-лалар мен ересектердегі шизофрения. Диагностикалау тәсілдері. Шизофрениямен сырқаттанатын науқастарға күтім жасау және емдеу ерекшеліктері. Оңалту шаралары, еңбекпен емдеудің релі. Шизофрениямен сырқаттанатын науқастарды демонстрациялау. Шағымын, ауру анамнезін, өмірбаянын жинау, шизофрениямен сырқаттанатын науқастардағы психикалық бұзылыстарды анықтау. Сырқатнаманы талдау, шизоф-ренияны емдеудің негізгі принциптері. ЭЭГ, РЭГ, ЭХОЭГ, қантамыр доплерографиясы, компьютерлік томография жүргізуге даярлау және оған қатысу. Науқасқа тиімді күтім жасау мен бақылау жасауды жүзеге асыру. Медициналық этика мен деонтология принциптерін сақтау.

Маниакальды және депрессивті психоздың клиникалық белгілері. Маниакальды депрессивті психоздың ағымы. Аффективті психоздың емдеу принциптері. Шұғыл жағдайда дәрігерге дейін көмек көрсету. Науқасқа бақылау жүргізу мен күтім жасаудың ерекшеліктері. Науқасты еңбекпен оңалту.

Анықтамасы, түрлері, клиникалық белгілері, ақыл-ой жетіспеушілігінің дәрежесі. Психикалық дамудың кемшілігі бар балаларға медициналық, психологиялық, элеуметтік көмек көрсету. Емдеу принциптері, бақылау және күтім жасау ерекшеліктері. Еңбекке оңтайлы орналастыру. Олигофрениямен сырқаттанатын науқастарды демонстра-циялау. Шағымын, ауру анамнезін, өмірбаянын жинау, психикалық бұзылыстарын анықтау. Сырқатнаманы талдау. Олигофренияны емдеудің негізгі принциптері. Қосымша зерттеу әдістерін жүргізуге дайындау және оған қатысу. Зерттеу нәтижелерін интерпретациялау. Науқасқа тиімді күтім жасау және бақылау жүргізуді жүзеге асыру. Науқасты еңбекпен оңалту.

5тақырып Невроздар және реактивті психоздар (психогендік аурулар) Психиатриядағы шұғыл жағдайлар

Психогендік аурулар, себептері. Невроздың, неврастенияның анықтамасы, жалпы белгілері. Балалардағы невроздық бұзылыстар. Реактивті психоздар түрлері, клиникалық белгілері. Психогендік ауруларды диагностикалау. Ауруларды емдеу, күтім жасау және алдын алу принциптері. Психогендік аурулармен сырқаттанатын науқастарды демонстрациялау. Шағымын, ауру анамнезін, өмірбаянын жинау, психикалық бұзылыстарын анықтау. Шұғыл жағдайларда дәрігерге дейінгі көмек көрсету шаралары. Сырқатнаманы талқылау. Невроз, неврастения, реактивті психоздарды емдеудің негізгі принциптері. ЭЭГ, РЭГ, ЭХОЭГ, қантамыр доплерографиясы, компьютерлік томография жүргізуге дайындау және оған қатысу. Науқасқа тиімді күтім жасау мен бақылау жүргізуді жүзеге асыру. Медициналық этика мен деонтология принциптерін сақтау. Зерттеу нәтижелерін интерпретациялау.

OÑTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Неврология, психиатрия және психология кафедрасы ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ	044/56-15 11 бетің 10 беті	

Психомоторлық қозу, қозуды тежеудің негізгі принциптері. Тынышсыз наукасты ұстау тәсілі. Эпилептикалық статус, жүргізу тәсілі, токтату әдістері. Агрессия, пайда болу себептері, мінез-құлқын дәрілермен түзету принциптері. Суицидке Таллину, қауіп-қатер факторлары, оларға психологиялық және фармакологиялық көмек керсету. Наукдстардың сырқатнамасын талқылау. НаукастыЕ функциональдық, психикалық және элеуметтік статусын бағалау. Шұғыл жағдайлар:в дәрігерге дейінгі комек корсету. Зерттеудің зертханалық - аспаптық әдістеріЕ жүргізуге наукасты дайындау және оған қатысу. Зерттеу нәтижесін интерпретациялау. Науқасқа тиімді күтім жасау ерекшеліктері.

«Психиатрия» пәнінен қорытынды сабақта сынақ алынады. Білім деңгейіа бақылау үшін әртүрлі әдістер қолданылады. Пән бойынша өтілген тақырыпта орталық камту үшін, психикалық аурулармен және мінез-құлқының бұзылыстарымгв сырқаттанатын науқастарға тиімді күтім жасауды жүзеге асыру үшін компютерлік тест жүргізу, жағдаятты есептерді шешу, іскерлік ойындарды қолдану, практикалық дағдыларды жүргізу ұсынылады.

4 Білім беру үрдісін ұйымдастыруға және жүзеге асыруға қойылатын талаптар:

Оқыту барысында жаңа заманға сай оқу-әдістемелік әдебиеттерді жаңа оқу анықтамалық құралдарды, электронды оқулықтарды, мультимедиялық оқу құралдарын қолданылады

5. Жоспарланған білім беру нәтижесін бақылау

Ағымдық бақылау: жазбаша тестілеу, жазбаша/ауызша сұрау, ситуациялық есептерді шешу, практикалық дағдыларды бағалау.

Қорытынды бақылау: диф сынақ тест саны (144)

Бағдарламалық материалдың мазмұнын студенттердің игеру деңгейін тексеру үшін заманауи тәсілдері мен бақылау әдістері қолданылады. Бақылау түрлерін жүргізуге таңдау құқығы қарастырылған.

6 Әдебиеттер мен қосымша оқу құралдары

6.1 Негізгі әдебиеттер:

Мемлекеттік тілде:

1 Психиатрия. Каз.яз. Илешева Р.Г. - Алматы, 1995.

Орыс тілінде:

2 Психиатрия + CD: учебник. Незнанов Н.Г. - М., ГЭОТАР-Медиа, 2009. - 496 с

3 Сыздыкова, А. Қ. Психиатрия пәніне арналған тәжірибелік сабақтар : оқу құралы / - Қарағанды : АҚНҰР, 2017. - 158 бет. с.100экз.

4 Сарсембаев, К. Т. Психиатрия және наркология. Тест тапсырмаларының жинағы: оқу құралы = Психиатрия и наркология. Сборник тестовых заданий : учебное пособие /. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 304 бет. с.80экз.

5 Цыганков, Б. Д. Психиатрия: учебник. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 496 с. – 1экз.

6 Арндт, П. Психосоматика и психотерапия. Справочник справочник / П. Арндт, Н. Клинген ; Пер. с нем. - М. : Медпресс-информ, 2014. - 368 с-30экз.

7 Любченко, М. Ю. Теория развития личности: учеб.-методическое пособие / М. Ю. Любченко. - Алматы : Эверо, 2014. - 112 с.- 31экз.

8 Магзумова, Р. З. Организационная психология в медицинских организациях: учеб. пособие Алматы : Эверо, 2014. - 120 с. -35экз.

6.2 Қосымша әдебиеттер:

1. Диагностика и терапия пограничных психических расстройств: сборник научных работ/под

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Неврология, психиатрия және психология кафедрасы ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ		044/56-15 11 беттің 11 беті

ред. Ю.А.Александровского. - М., ГЭОТАР-Медиа, 2011. -900 с.

2. Нервные и психические болезни. Бортникова СМ., Зубахина Т.В. - Ростов-на-Дону, 2000.
3. Психические расстройства (диагностика и терапия в общемедицинской практике и их лечение): краткое руководство / под ред. Ю.А.Александровского. - М., ГЭОТАР-Медиа, 2007. - 272 с.
4. Жарбосынова, Б. Б. Психиатрия : оқулық / Б. Б. Жарбосынова, Ғ. М. Құдиярова. - Алматы : Қазақстан, 2011. - 316 бет -1экз.
5. Илешева Р. Г. Психиатрия: оқу құралы.- Алматы, 1995. – 1 экз.
6. Психикалық денсаулық: студенттерге арналған тәжірибелік сабақтың оқу-әдістемелік құралы /Құраст. Д. А. Әділбекова, Б. Т. Тойшиева. - Шымкент : Б. ж., 2009. – 2 экз.
7. Сәрсембаев Қ. Т. Психиатрия және наркологиядан тестілік тапсырмалар = Тестовые задания по психиатрии и наркологии: оқу құралы . – Алматы, 2006.- 4 экз.
8. Субханбердина, Қ. С. Есірткі - қазіргі заман кеселі : монография / С. Ж. Асфендияров атындағы ҚММУ. - Алматы : "Ғылым" ғылыми баспа орталығы, 2002. -5 экз.
9. Шабельников В. Психика - функциялық жүйе: оқу құралы / В. Шабельников ; Ауд. С. Бердібаева. - Алматы : Ана тілі, 1998.- 1 экз.

6.3 Оқу құралдары:

1. Қағаз және электронды нұсқадағы оқу-әдістемелік құралдар; ;
2. Дидактикалық және көрнекі құралдар;
3. Қағаз және электронды нұсқадағы тестік тапсырмалар;
4. Демонстрациялық оқулық фильмдер;
5. Кестелер, планшеттер, диаграммалар.

Оқытушының қолы

